

2022-2023 оқу жылында тәрбие бөлімі бойынша атқарылатын жұмыс жоспары

Бекітемін

Мектеп директоры: 

.....Г.Сулейменова

2022 жыл " 31 " тамыз

Түркістан облысы, Шардара ауданы, Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы негізінде жасалған тәрбиенің жұмыс жоспары.

Тәрбие жұмысы Білім және Ғылым министрінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы №528 бұйрығымен бекітілген ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын, ҚР үкіметінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды және білім алушының білім сапасын арттыру үшін 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» саналы білім беру» жобасын іске асыру мақсатында ҚР Үкіметінің 2021ж 12 қазандағы №726 қаулысын басшылыққа ала отырып, мектептің тәрбие жұмысының жоспары жасалынып, жүргізіледі. МДЖ бағытын, ерекшеліктерін, педагогтардың мүмкіндігін; оқушылардың тәрбиелік - деңгейін негізге ала отырып, тәрбие жұмысының жүйесін жасап қалыптастыру; Сынып, үйірме жетекшілерінің, психологтың, тәлімгердің тәрбиелік іс- әрекетін жаңа модель тұрғысына бейімдеу, бақылау жасау. Тәрбие үдерісінде Ұлттық құндылықтарға негізделген жеке қарым-қатынас орнату, оқу үдерісі кезінде цифрлы мазмұн мен ресурстарды тиімді пайдалану, қосымша білім беруде бейнеоқулықтарды пайдаланудың дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау.

Тәрбие бағыттары:

I. Бағыты: Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

II. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

III. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

IV. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, аға-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.